

<p>ҚазАТУ-ға жоғары білім алу үшін қалай оқуға түсуге болады?</p>	<p>ҚазАТУдың жоғары білім бағдарламаларына оқуға түсу үшін талапкерлер Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) тапсыруы керек. Оқуға ақылы негізінде түсетін шетелдік азаматтар және өзінің сәйкесті мамандығына қысқартылған оқу нысанына түсетін колледж түлектері ҰБТ тапсырмайды, себебі олар сұхбаттасу ретінде өтетін емтихан арқылы қабылданады.</p>
<p>ҰБТ-ны кім тапсырады?</p>	<p>ҰБТ-ны биылғы жылғы мектеп түлектері, мектепті өткен жылдары аяқтаған түлектер және мемлекеттік білім гранттарды алуға үміттенетін колледж түлектері.</p>
<p>ҰБТ неше рет өткізіледі?</p>	<p>ҰБТ жылына 4 рет өткізіледі, қаңтар, наурыз, маусым, тамыз айларында. Бірақ маусым айындағы ҰБТ нәтижесімен ғана талапкерлер мемлекеттік білім гранттары конкурсына қатыса алады.</p>
<p>ҰБТ-ға өтініштер қашан қабылданады?</p>	<p>Қолданыстағы ережелерге сәйкес ҰБТ-ға (маусым) өтініштер 1 мен 30 сәуір аралығында, ал төтенше жағдайға байланысты - 2020 жылғы сәуір айының 15 мен 30 аралығында қабылданады.</p>

<p>Шығармашылық емтихандарға өтініштер қашан қабылданады және емтихандар қай кезде өтеді?</p>	<p>Шығармашылық емтихандарға қатысуға өтініштер шілде айының 1 мен 7 аралығында қабылданады, ал емтихандар шілде айының 8 мен 13 аралығында өткізіледі.</p>
<p>Гранттар конкурсына өтініштер қай кезде қабылданады?</p>	<p>Маусым айында ҰБТ-ны жемісті тапсырған талапкерлерден құжаттар шілде айының 13 мен 20 аралығында қабылданады.</p>
<p>Грант конкурсының нәтижесі қашан белгілі болады және грант иегері екенімді қалай білемін?</p>	<p>Мемлекеттік білім гранттарын тағайындау нәтижесі тамыз айының 1 мен 5 аралығында белгілі болады, иегерлердің тізімі БАҚ жарияланады ("Егеменді Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде), сондай-ақ интернет-ресустарда, нақтырақ атықанда ҰТО www.testcenter.kz сайтында (конкурсқа қатысқан әрбір талапкер өз ЖСН мен ТЖК енгізу арқылы өз нәтижесін көре алады).</p>
<p>ЖОО оқуға қабылдау мерзімдері?</p>	<p>ЖОО оқуға қабылдау тамыз айының 10 мен 25 аралығында жүзеге асырылады.</p>

Сіздің ЖОО әскери кафедра бар ма?	Әскери кафедра бар. Әскери кафедрада оқу үшін студенттер 1 курстан кейін іріктеуден өтеді (психотест, медициналық сараптама, дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру, үлгерімі және т.б.)
Сіздердің ЖОО оқуға түсу үшін (қабылдау кезінде) қандай құжаттар тапсыру керек?	Аттестат (диплом) түпнұсқа, ҰБТ сертификаты, 086-У және 063-нысанындағы медициналық анықтама, флюорография суреті, 3x4 көлеміндегі 8 фотосурет, жеке куәлік немесе паспорт көшірмесі, әскери есепке алу куәлігінің көшірмесі.
Оқу ақысы канша?	Оқудың жылдық ақысы 375,0 мен 450,0 мың теңге аралығын құрайды (2019-2020 оқу жылында).
Жатақхана бар ма?	Бізде 8 студенттік жатақхана бар, ол жерде студенттерге барлық қолайлы жағдайлар жасалған.
Жатақханаға қанша төлейді?	Жатақханада тұру құны 80,0 мың тенге жылына.